

**Айнұр Аташбекқызы Сейітбекова^{1*}, Асау Айниязұлы Қайрат²,
Сайфиддин Назарзода³**

^{1*}автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-4268-1572 E-mail: ainurseit@mail.ru

²докторант, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0009-0000-9172-8889 E-mail: asauqairat@gmail.com

³филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Рудаки атындағы Тіл және әдебиет институты, Тәжікстан, Душанбе қ., ORCID: 0009-0009-2616-6117 E-mail: snazarzoda56@mail.ru

**ЕСКІ КІТАБИ ЛЕКСИКА:
АРАБ ЖӘНЕ ПАРСЫ СӨЗДЕРІНІҢ ЖАҢҒЫРУ ӘЛЕУЕТІ**

Андатпа. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қоры неологизмдер мен өзге тілдерден енген сөздермен ғана емес, көнерген, ескі кітаби сөздердің пассив қордан актив қорға өтіп, қайта жаңғыруымен толығып жатыр. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап бұрынғы мағынасына жаңа мағына үстеген, қайта жаңғырған ескі кітаби лексикалық бірліктер бұқаралық ақпарат құралдары тілінде жиі кездесе бастады. Отандық және шетелдік тіл білімінде араб, парсы сөздеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектер мен мақалалар арналған, алайда ескі кітаби араб, парсы сөздерінің қайта жаңғыруы туралы зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Осыған орай біздің зерттеуіміздің мақсаты – қазіргі қазақ тіліндегі ескі кітаби араб және парсы сөздерінің қазіргі қазақ тіліндегі семантикалық өзгерісі мен қайта жаңғыруын талдау. Аталмыш мақалада ескі кітаби араб және парсы сөздерінің семантикалық өзгерістері, атап айтқанда, олардың жаңғыруына ықпал ететін себептер, тарихи-құрылымдық ерекшеліктері, қалыптану үдерісі, түрлі ғылым салаларындағы қолданыстары қарастырылады. Практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері кірме араб және парсы лексикасының теориялық негізін кеңейтуге ықпал етеді, лексикографиялық жұмыстарды жетілдіруге үлес қосады, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, ЖОО-да тіл тарихы, лексикология салалары бойынша оқылатын дәрістер мазмұнын жаңа тілтанымдық ақпараттармен толықтыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: ескі кітаби лексика; ескі қазақ жазба тілі; араб, парсы сөздері; қайта жаңғырған сөздер; термин

Қаржыландыру көзі: Мақала «BR20280984 Қазақ тілінің жаңғыру әлеуеті: жаңартпалар <лат.innovation>, үрдістер мен үдерістер» атты іргелі ғылыми зерттеу жобасы аясында әзірленді.

Сілтеме жасау үшін: Сейітбекова А.А., Қайрат А.А., Назарзода С. Ескі кітаби лексика: араб және парсы сөздерінің жаңғыру әлеуеті. *Tiltany*, 2025. №1 (97). 58-67-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-58-67>

Айнұр Аташбековна Сейтбекова^{1*}, Асау Айниязұлы Қайрат², Сайфиддин Назарзода³

^{1*}автор-корреспондент, кандидат филологических наук,
Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0003-4268-1572 E-mail: ainurseit@mail.ru

²докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0009-0000-9172-8889 E-mail: asauqairat@gmail.com

³доктор филологических наук, профессор, Институт языка и литературы имени А. Рудаки,
Таджикистан, г. Душанбе, ORCID: 0009-0009-2616-6117 E-mail: snazarzoda56@mail.ru

**СТАРОКНИЖНАЯ ЛЕКСИКА:
ПОТЕНЦИАЛ ВОЗРОЖДЕНИЯ АРАБСКИХ И ПЕРСИДСКИХ СЛОВ**

Аннотация. Лексический словарный запас современного казахского языка пополняется не только за счет неологизмов и заимствованных слов, но и благодаря возрождению старокнижных слов с пассивного фонда в активный. С момента обретения независимости в языке средств массовой информации стали часто встречаться старокнижные лексические единицы, которые обрели новые значения, дополняя свои первоначальные значения. В отечественном и зарубежном языкознании существует ряд научных работ и статей, посвящённых арабским и персидским словам, однако исследований по возрождению старокнижных арабских и персидских слов все еще недостаточно. В связи с этим целью нашего исследования является анализ семантического изменения и возрождения старокнижных арабских и персидских слов в современном казахском языке. В данной статье рассматриваются семантические изменения старокнижных арабских и персидских слов, причины их возрождения, историко-структурные особенности, процесс кодификации и их использование в различных областях науки. Практическая

значимость исследования может способствовать расширению теоретической базы в области изучения арабо-персидских заимствованных слов, внести существенный вклад в совершенствование лексикографических работ, предоставит возможность обогатить содержание учебных программ и учебников по казахскому языку и литературе, а также лекций по истории языка и лексикологии в вузах современными лингвистическими данными.

Ключевые слова: старокнижная лексика; старописьменный казахский язык; арабские, персидские слова; возрожденные слова; термины

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках фундаментального научного исследования BR20280984 «Модернизационный потенциал казахского языка: инновации, тенденции и процессы».

Для цитирования: Сейтбекова А.А., Кайрат А.А., Назарзода С. Старокнижная лексика: потенциал возрождения арабских и персидских слов. *Tiltanyim*, 2025. №1 (97). С. 58-67. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-58-67>

Ainur Seitbekova^{1*}, Assau Kairat², Saifiddin Nazarzoda³

^{1*}Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-4268-1572 E-mail: ainurseit@mail.ru

²doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0000-9172-8889 E-mail: asauqairat@gmail.com

³Doctor of Philological Sciences, Professor, A. Rudaki Institute of Language and Literature, Tajikistan, Dushanbe, ORCID: 0009-0009-2616-6117 E-mail: snazarzoda56@mail.ru

OLD BOOK VOCABULARY: POTENTIAL FOR THE REVIVAL OF ARABIC AND PERSIAN WORDS

Abstract. The lexical stock of the modern Kazakh language is replenished not only by neologisms and borrowed words, but also by the revival of old book words from the passive fund to the active fund. Since independence, old book lexical units have become common in the language of the media, which have acquired new meanings, complementing their original meanings. In domestic and foreign linguistics, there are a number of scientific works and articles devoted to Arabic and Persian words, however, there is still insufficient research on the revival of old Arabic and Persian words. In this regard, the purpose of our study is to analyze the semantic change and revival of old book Arabic and Persian words in the modern Kazakh language. This article examines the semantic changes of old book Arabic and Persian words, the reasons for their revival, historical and structural features, the process of codification and their use in various fields of science. Practical significance. The results of the study can contribute to the expansion of the theoretical base in the field of studying Arabic-Persian loanwords, make a significant contribution to the improvement of lexicographic works, provide an opportunity to enrich the content of curricula and textbooks on the Kazakh language and literature, as well as lectures on the history of language and lexicology in universities with modern linguistic data.

Keywords: old book vocabulary; old written Kazakh language; Arabic, Persian words; revived words; terms

Source of financing: The article was prepared as part of the fundamental scientific research BR20280984 “The potential of modernization of the kazakh language: innovations, tendencies and processes”.

For citation: Seitbekova, A., Kairat, A., Nazarzoda, S. Old Book Vocabulary: Potential for the Revival of Arabic and Persian Words. *Tiltanyim*, 2025. №1 (97). P. 58-67. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-58-67>

Қысқашы

Ескі кітаби лексика қорына XVI ғасырдан бастап, XX ғасырдың басына дейінгі ескі қазақ жазба мұралары мәтіндеріндегі көне, діни, араб және парсы лексикалық бірліктер жатады. Ескі қазақ жазба тілдің алғашқы үлгілері Қадырғалидің «Жамиғ-ат тауарих» пен Әбілғазының «Түркі шежіресі» жазба ескерткіштері, XVIII ғ. хан-би жарлықтары, XIX ғ. екінші жартысындағы алғашқы газеттері болса, одан кейін XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген қисса-дастандар, XX ғ. басындағы ескі қазақ тілінде қалам тартқан ақын-жазушыларымыздың еңбектерін жатқызамыз. XVI-XX ғғ. аралығындағы кезең қазақ әдеби тілінің қалыптасуына және дамуына ықпал етті, негізін қалады.

Ескі кітаби лексикасының ең мол қабаты – араб, парсы сөздері. Бұл дәуірдегі еңбектерде араб, парсы сөздерінің шамадан тыс көп болуының себебі шығыстың ауызша және жазба мәдениетінен сусындаған, діни білімі бар авторлар ортағасыр жазба тіл дәстүрінен арыла қоймаған еді. Алайда қазақ лексикасында XIX ғасырдың екінші жартысында патша өкіметі ислам діні мен мұсылман діни қызметкерлерін қолдаудан бас тартқан кезеңде араб, парсы сөздерінің жаңадан ену қарқыны мүлде әлсіреп, тіпті тоқтаған болатын (Әбілқасымов, 1982). Одан кейін саяси-әлеуметтік, экономикалық себептерге байланысты кітаби сөздер XX ғ. басында және одан кейін

XX ғ. екінші жартысында, XX ғ. аяғында кезең-кезеңімен бірде қолданыстан шығып, бірде қайта еніп, жаңарып, семантикалық өзгерістерге түсіп әрдайым толығысып отырды. Н.Уәли: «1920-1990 жж. Қазақстан қоғамының саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени өміріндегі ерекше дәуір болып табылады. «Советтік» деп аталатын бұл дәуір қазақ тілінің: 1) жүйелік; 2) функционалдық; 3) коммуникативтік құрылымдарына өзінің оң және теріс із-таңбасын қалдырмай қойған жоқ», – дейді. Осыған орай көне сөздерді заман сұранысына қарай қайта жаңғыртып, әдеби тілдің кәдесіне жарату тым бәсеңдеп қалды. Мысалы, *мұртөт* – отщипенец, *салауат* – амнистия, *әткешилік* – контрабанда, *әткешиші* – контрабандист т.б. атаулар пассив қорда қалып қойды (Уәли, 2021). Әр кезеңде енген араб, парсы сөздері, олардың терминденуі жайында А.Б. Жиекбаеваның еңбегінде сөз болады (Жиекбаева, 2014).

Араб және парсы тілдерінен енген сөздер генеологиялық тұрғыдан бірі семит-хамит тілдер тобына, екіншісі үнді-еуропа тілдер тобына жатқанмен, осы тілдерден енген сөздер қазақ тіл білімінде, тіпті шетелдік зерттеулерде бірге аталып, қарастырылып жүр. Оның себебі орта ғасырдан бері түркі тілдерінде жоқ көп ұғымдар араб, парсы тілдерінен алынып, түркі тілдерінің сөздік қорын байытты. Араб, парсы тілдерінен енген сөздер стильдік құрал ретінде ескі қазақ жазба тіліндегі, одан кейін қазіргі қазақ тіліндегі көптеген төл сөздерімізге алуан түрлі мағына үстеп, семантикалық реңктерімен байытып, қолдану өрісін кеңейтті. Л.З. Рүстемов айтқандай, араб, парсы сөздерінің қазақ тіліне енуі көптеген ғасырларға созылған үдеріс болды. Сөздік қорды толықтырудың заңды әдісі болып табылатын бұл тілдік құбылыс тарихтың түрлі кезеңдерінде әртүрлі жолмен жүзеге асып келді (Рүстемов, 1962).

Материал және әдістер

Ескі кітаби лексикалық қор, араб және парсы сөздері, олардың семантикасы туралы З.Рүстемов, Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов, Н.Уәлиев, Қ.Айдарбек, А.Жиекбаева т.б. отандық ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынады. Алайда отандық тіл білімінде араб, парсы сөздеріне қатысты бірқатар ғылыми еңбектер мен мақалалар арналғанмен, ескі кітаби тілде қолданылған араб, парсы сөздерінің қайта жаңғыруы алғашқы зерттеу нысаны болып отыр. Сондықтан аталмыш мақала ескі кітаби лексикасында қолданылған араб және парсы сөздерінің қазіргі қазақ тілінде семантикалық өзгерістеріне, қайта жаңғыруына арналады.

Жұмыста ескі сөздердің жаңғыруы туралы М.Б. Геращенко, Е.В. Андрейченко, Г.М. Шипицина, Т.Н. Буцева, Е.А. Левашов, Д.Н. Шмелев т.б. орыс ғалымдарының тұжырымдары назарға алынады.

Ескі кітаби тілдегі араб, парсы сөздерінің тарихи-құрылымдық ерекшеліктерін, семантикалық өзгерістерін талдауда диахрондық-синхрондық салыстырмалы, бастапқы мағыналарын талдауда салыстырмалы-тарихи әдіс, жаңару және қайта жаңғыру себептерін анықтауда лингвоәлеуметтік-семантикалық, бұқаралық ақпарат құралдарында және ресми құжаттарда қолданысын анықтауда мәнмәтіндік әдістер пайдаланылды.

Сөздердің жаңаруы мен қайта жаңғыруын анықтауда ескі кітаби тілдің мәтіндерін талдамай, анықтау мүмкін емес. Сондықтан *диахрондық-синхрондық салыстырмалы* әдіспен зерттеу материалдары «Бабалар сөзінің 100 томдық жинағынан» алынды. Сөз мағыналарын анықтауда екітілді сөздіктер: «Арабша-қазақша сөздік», «Парсыша-қазақша сөздік» пайдаланылды.

Әдебиетке шолу

Тілдегі өзгерістер, әсіресе лексикасында көбірек болатыны мәлім. Өйткені әрбір онжылдықта кейбір сөздер қолданыстан шығып, ескіріп жатса, кейбір сөздердің мағынасына жаңа мән үстеліп, жаңарып, тіпті қайта жаңғырып жатады. Ғалым Р. Сыздықова: «Жаңа сөздер мен соны тіркестер тек лексикалық байлық қана емес, бүгінгі өміріміздің нақты көрінісі, «бұлтартпайтын құжаты» десек болар. Ал «құжат» дегенді жоғалтпай, бүлдірмей (қолдан түзетпей) орынды жерінде ғана көрсету керек қой», – дейді (Сыздықова, 2009). Ескі сөздердің қайта жаңғыруы барлық тілдерге тән. Жаңғырған сөздер және олардың қайта жаңғыруының себептері жайында әлемдік тіл ғылымында түрлі зерттеушілердің пікірі бар. Бұл құбылыс тілдің ішкі динамикасына, қоғамдағы өзгерістерге және халықтың мәдени-тарихи санасына тікелей байланысты қарастырылады.

Орыс лингвисті Е.В. Андрейченко «қайта жаңғырған лексика» ұғымын XX ғасырдың аяғында

орыс тілінің түсіндірме сөздігінде тіркелген пассив қордағы сөздердің қайтадан актив қорға енуімен байланыстырады. Ол мұндай сөздердің тілдегі орнына талдау жасап, орыс тілінің түсіндірме сөздігіне сүйене отырып, 600-ге жуық сөздің қайта жаңғырғанын анықтайды (Андрейченко, 2007). Демек, жаңғырған сөздер тек тарихи-көркем мәтіндерде ғана емес, күнделікті қолданысқа да еніп, коммуникативтік қажеттіліктерді өтеп отырғанын көруге болады.

Жаңғырған лексиканың басты себептерін анықтаған тағы бір зерттеуші Г.М. Шипицина. Ол ескі сөздердің қайта жаңғыруының екі негізгі себебін көрсетеді: 1) Қоғамдық өзгерістер мен әлеуметтік бағалау: көптеген ескі сөздер экономикалық, идеологиялық, саяси, әлеуметтік және діни ұғымдардың өзгеруіне байланысты жаңғырады. Қоғамдық сананың эволюциясы белгілі бір ұғымдарға деген көзқарасты өзгертіп, бұрын пассив қорда жатқан сөздердің қайтадан қолданысқа енуіне ықпал етеді. 2) Семантикалық қажеттілік: кейбір сөздер тілдегі семантикалық жүйенің дамуымен бірге белгілі бір мағыналық реңктерді, эмоционалды-экспрессивтік бояуларды, стилистикалық коннотацияларды белгілеу үшін қайта жаңғырады (Шипицина, 2010). Бұл, әсіресе, қоғамдық дискурс пен публицистикалық стильде жиі байқалады.

М.Б. Геращенко жаңғырған сөздердің мәдени-тарихи және когнитивтік негіздеріне ерекше назар аударады. Ол: «Жаңғырған сөздер халықтың өткен мәдениетімен және әлемнің ұлттық бейнесін танытатын аялық білімімен тікелей байланысты», – деп көрсетеді (Геращенко, 2010). Яғни, халықтың тарихи жады, ұлттық танымдық қорына қатысты элементтер белгілі бір кезеңде ұмытылып, кейін жаңа тарихи-әлеуметтік жағдайларға сәйкес қайта жанданады. Сонымен, қазіргі қазақ тілінде қайта жаңғырған ескі лексикалық бірліктер қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси дамуындағы түрлі өзгерістерге, себептерге байланысты жаңа семантикалық сипатқа, белгілерге ие болған, қоғамның немесе жеке тұлғаның тілдік санасында жаңа ұғым, жаңа мағына ретінде қабылданған сөздер деп тұжырымдаймыз.

Нәтижелер және талқылау

Жаңа сөздер немесе қайта жаңғырған ескі сөздер семантикалық қозғалыстың негізінде, яғни сөз мағыналарының тарылуы немесе кеңеюі арқылы жасалатаны белгілі. Осыған орай ескі кітаби сөздердің уақыт өте мағыналық өзгерістеріне қарай екі топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Мағыналарына жаңа мән үстеген араб, парсы сөздері.
2. Мағыналары қайта жаңғырған араб, парсы сөздері.

Бірінші топқа ескі кітаби тілдегі сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі мағынасы кеңейіп, жаңа қосымша мағына үстеген, көбі ғылым салаларында орнығып, тұрақталған тарөрісті араб, парсы сөздері жатады. Олардың жаңару мезгілі XX ғасырдың 90-жылдары. Мәселен, араб тілінен: *алқа, әліпби, атырап, ахд, әуежай, бап, бұқара, делдал, жеделхат, сенімхат, зейнет, зейнетақы, кен, лауазым, лебіз, мақлұқат, мәжіліс, мәслихат, мәтін, мекенжай, мұражай, мағлұмат, мұкаммал, мүдде, мүлік, набатат, кеден, қарар, құжат, құқық, ресми, саясат, сынып, тарап, ұжым, мәселе, хатшы*, парсы тілінен: *дәріскер, дәрісхана, дәріхана, зертхана, майдан, мердігер, мейрамхана, расытхана, рәміз, пайыз, тәркілеу* т.б. Яғни бұл қатардағы сөздер орыс сөздерін ығыстырып, тілден орын алып, қатаң нормаға айналды, жаңа тарихи кезеңнің тілдік ерекшеліктерін көрсетті. Бұндай тілдік құбылыс өзге түркі тілдерінде көрініс тапты. Мәселен, 1980 жылдары кең ауқымды бағдарламалардың жүзеге асырылуына байланысты Кеңес өкіметі билік құрып тұрған жылдары тілге келтірген залалдарынан кейбір ұмыт болған арабизмдер (саясат – саясат, даруханә – дәріхана, мохаррир – редактор т.б.) қайта татар тіліне оралды. Бұл татар тілі лексикасының баюына, жаңа ұғымдар мен терминдерді нақтылауда септігін тигізді (Алмазова, 2018). Дәл осындай тілдік жағдай өзбек тілінде де орын алған. Мәселен, өзбек тілінде арабтың *уәзір* сөзі қолданыстан шығып қалды. Өзбек тілі мемлекеттік тіл болып жариялануына байланысты, *уәзір* «министр» мағынасында қайтадан ресми және әкімшілік салада кеңінен қолданылады (Рашидова, 2021).

Екінші топқа ескі кітаби тілдегі мағынасы жаңарып, соңғы онжылдықта тілдік қауымдастық ортада, интернет желісінде, БАҚ құралдарында жиі қолданылғандықтан, қоғам санасында орнығып, қайта жаңғырған араб, парсы сөздері жатады. Жаңғырған сөздердің тағы бір белгісі қалың көпшілікке белгілі ғылым салаларында қолданылатын кеңөрісті сөздер қатарына өтеді. Қайта жаңғырған сөздер қоғамның рухани өмірі, ел басқару ісі, саясат, ғылым-білім, күнделікті тіршілікке қатысты қолданылады. Бұл қатардағы кейбір сөздер XX ғасырдың 90-жылдары

енгенмен, қазіргі таңда рухани, діни, экономикалық сананың жаңғыруымен байланысты жиілігі одан сайын артты, қайта жаңғырған сөздер қатарына енді. Мәселен, *абад, аптап, әділетті, әлеует, амиян, гүлзар, дат, даяшы, дәреже, дегдар, делдал, дәліз, діл, діндар, жад, зайырлы, зият, зілзала, лақап, лалагүлдер, манкал (мангал), мансап, мәзір, мәртебе, кешен, қадам, қазына, қаріп, құзырет, қызмет, меже, өкіл, пайыз, пәрмен, риясыз, рұқсатнама, руханият, саламатты, сараптама, сарапшы, сұхбат, тәуекел, уәж, қарекет, хауыз, хабарлама, шаһар, шеру* т.б.

Жалпы лексикалық бірліктердің мағыналық өзгерістері деривация үдерісі негізінде жүзеге асырылады: «Мағыналық өзгеріс тілдік таңбаның: 1) жаңа мағынада; 2) жаңа қызметте; 3) жаңа тіркесімде болуы арқылы іске асады» (Шмелев, 1973). Осыған байланысты кірме сөздерде болатын семантикалық деривация құбылысын екіге бөліп қарастыруға болады.

1. Дербес сөздердің тарылуы мен кеңеюі арқылы болатын семантикалық өзгеріс.

2. Дербес сөздердің түрлі грамматикалық қатынасқа түсуі арқылы құбылуы, түрленуі.

Яғни, кірме сөздер тек мағынасына ғана емес, сөзжасам жүйесі арқылы семантикалық, синтаксистік, стильдік өзгерістерге түсіп отырады. Мәселен, ескі кітаби лексикада «Мұхаммедтің үмбеттері – мұсылмандар, ислам дініне бағынушылар» мәніндегі «қауым» сөзі қазіргі әдеби тілде «қауымдастық» болып, жаңаша сипат алған.

Хақ Тағала осылай әмір етті,

Нұх пайғамбар қауымына дін үйретті.

Қауымының бәрі де қарсылық қып,

Сөздерін шарифаттың алмай кетті (Бабалар сөзі, 2004).

Яғни, ескілікте қолданған жеке-дара қолданылған *қауым* сөзі түрлі грамматикалық формалар арқылы жаңарып, қолданыс әлеуеті кеңейді: *қауымдастық, тілдік қауымдастық* т.б.

1920-1930 жылдары тілімізде қосымшалар арқылы сөз жасау құбылысы мерзімді баспасөздің орны ерекше болды. Осыған орай ескі кітаби сөздердің, оның ішінде араб, парсы сөздерінің жаңару құбылысы XX ғасырдың аяғында басталды. Кеңестік дәуірде қазақ тілінің лексика-фразеологиялық қоры жаңа сөздермен толығу құбылысы тілдің ішкі мүмкіндіктерін пайдаланылу арқылы жүзеге асырылды: ескі кітаби бірліктер қолданысқа ене бастады: *құжат, сынып, мәжіліс* т.б. Араб, парсы сөздеріне қосымшалардың сөзжасамдық белсенділігі артты: *ақпараттандыру, әртараптандыру, ғаламдастыру* т.б. Сөздердің тіркесу қабілеті, артып, семантикалық өрісі кеңейді: *азаматтық қоғам, бағалы қағаз* т.б. Гибрид сөздердің саны көбейді: *аудиомәлімдеме, автошеру* т.б.

XX ғасырда қоғамда болып жатқан соңғы әлеуметтік, саяси өзгерістерге байланысты араб, парсы сөздерінің аталмыш тәсілдермен, алайда басқа лексикалық тілдік бірліктермен грамматикалық қатынасқа түсу арқылы қайта жаңару құбылысы өз жалғасын тауып жатыр.

1. Аффикстену тәсілі арқылы жасалған сөздер:

а) тәуелсіздік жылдарға дейін парсының сөзалды *-бей* қосымшасы арқылы жасалған сөздер *бейуақыт, беймезгіл, бейнамаз, биәден/бейәден, бейжай, бейкүнә, бейқам, бейтаныс, бейберекет, бейшара, беймарал, беймаза, бейхабар* лексикалық бірліктер халық санасында тұтас сөз қалпында қабылданып тұрса, қазіргі таңда ғылыми әдебиеттер мен БАҚ-та *бейтекті, бейнәсілдік, бейұлттық, бейдіни, бейсана, бейсаясаттық, бейвербалды, бейзоналық, бейклассикалық, бейметалл, бейресми, бейсауат, бейуәжді, бейморальдық, бейузуал* сөздері стильдік мақсатта және жаңа термин жасауда қолданылады;

ә) парсының *«кәрдән – істеу, жасау»* етістігінің осы шағы түбірі *«кәр-кер, гер»*, «хурдан – жеу, ішу» етістігінің осы шағы түбірі *«хор-қор»* номинативтік мағыналарын айырылып, қазақ тілінде сөзжасам аффикстері қызметінде іс-әрекет иесінің атауы ретінде *қызметкер, дәрігер, іскер, жұмыскер, айлакер, үміткер, қаламгер, тәлімгер* т.б. сөздерін жасауға ұйытқы болды. Тәуелсіздік алған жылдардан кейін *жалгер, зияткер, мәтінгер, табыскер, дерекқор, ысырапқор, хеджқор, медеткер, иегер, талапкер, әкімгер, мейіргер, мерейгер, таспагер, төлемгер* т.б. жаңа сөз жасауға белсенділігі артты;

б) араб тілінде көптік ұғымды білдіретін сөз соңына *-ет, -ят, -ат* аффикстерінің жалғануы арқылы жасалған жаңа тілдік бірліктердің қолданысы жоғары: *өркениет, руханият, жағдаят, исламият, құзырет* т.б.;

в) құранды жұрнақтар арқылы: *абад – абаттандыру, зарар – зарарсыздандыру, жаһан – жаһандану, қауым – қауымсыздандыру, құн – құнды, құнсыздану* т.б.

2. Калька тәсілімен жасалған гибрид сөздер: гибрид сөздер – сөз құрамындағы бір компоненті араб, парсы, екінші компоненті қазақ немесе орыс тілі арқылы енген шетелдік сөздерден құралған біріккен сөздер. Бүгінге дейін жалпыхалықтық қолданысқа кең қолданылатын *мәтінтану, радиосұхбат, теледидар, телефонхат* т.б. сөздер белгілі. Бұл тәсілмен жасалған соңғы жылдары артып келе жатқан *микро, мега, медиа* сөздерімен *несие, сұхбат, нарық, қоғам, қор* сөздері: *микронесие, медиасұхбат, медианарық, мегақоғам, медиақор* т.б. Сондай-ақ *медиамәтін, медиамәлімет, медиаөнер, медиамәдениет, геосаясат* жаңа лексикалық бірліктері де БАҚ-та көрініс таба бастады. Мәселен, сөз құрамындағы парсының *تاج* *тәж* сөзінің жалпыхалықтық тілде беретін мағынасы «ханның, патшаның, корольдің арнаулы бас киімі» болса, медицинада, сәулет саласында терминдік мәнге ие. Медицинада «жүректен шыққан қанды барлық денеге тарататын қызыл қантамыр, артерия» дегенді білдіретін *тәж* сөзі 2019-2020 жж. әлем жұртшылығын дүрбелеңге салған коронавирус дертінің пайда болуымен байланысты *тәжвирүс, тәжтажал* сөздерінің құрамында сөзжасамдық компонент ретінде қайта жаңғырды. Алайда бұл сөздер жаңа атау ретінде енгенмен, көпшілік қолданысқа түсе қоймаған ағымдағы лексикалық бірліктер ретінде танылады. Зерттеуші А. Пиязбаева пандемияға қатысты пайда болған сөздерді протоголизмдерге жатқызады (Пиязбаева, 2021).

3. Грамматикалық қатынасқа түсуі арқылы жасалған сөз тіркестері. Сөз тіркестерінің басты белгілері – тұрақтылық, клишелілігі және оның мәтіндерде жиі қайталануы (Айдарбек, 2008). Төл тілде және ескі қазақ жазба мұраларда тура мағынасында қолданылған кейбір кірме лексикалық бірліктер қазіргі ресми тілде тұрақты аталымдық тіркеске айналған. Сондай-ақ тілге Қазақстан Республикасының түрлі мемлекеттік бағдарламалардың атаулары мен басқа да мемлекеттік маңызы бар немесе ұлттық құндылықты дәріптейтін терминдік тіркестер енді. Мәселен, *Әділетті Қазақстан, Саламатты Қазақстан, зайырлы мемлекет, құзыретті орган, әскери шеру, әжелер мектебі* т.б.

Қазіргі ресми стильде қалыптанған сөздердің бірі – арабтың *саламат* сөзі. *Саламат* сөзінің араб тіліндегі мағыналары 1. Аман болу; 2. Амандасу; 3. Достасу; 4. Бағыну; 5. Қабылдау (Баранов, 2006). Парсы тіліндегі мағыналары: 1. Қауіпсіздік; 2. Амандық; 3. Денсаулық, бейбітшілік, тыныштық (Миллер, 1960). Ескі жазба мұралар мәтіндерінде «дені сау, аман» мәнінде қолданылған:

Құдай-а, *саламатын* қыл бәдәнімді,

Өлерде асандықпен ал жанымды.

Жамағатым, баламды тауфиқты қыл,

Ақыр демде иманымды жолдасым қыл (Бабалар сөзі, 2004).

Саламат сөзі Қазақстан Республикасының денсаулығын сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы «Саламатты Қазақстан» аталып, ресми-саяси семантикалық реңк алған. Тіркес құрамындағы *саламат* сөзінің семантикалық ауқымы сәл кеңейтілген: Қазақстан Республикасының әрбір азаматының денсаулығы мен толыққынды өмір сүруін ғана емес, сонымен қатар халықтың әл-ауқаты: әлеуметтік-экономикалық күш-қуаты т.б. түсініктерді қамтиды. Әсіресе, БАҚ-да *саламат* «Саламатты жастар», «Саламатты жас сарбаз», т.б. тіркестер құрамында жаңа сипат ала бастағаны байқалады.

Сондай-ақ кейбір сөз тіркестеріндегі кірме сөздердің мағынасын жете түсінбеуден пайда болған қолданыстар бар. Соның бірі – «Салауатты өмір салты» тілдік дағдыға айналып кеткен қате, яғни узустық қолданыс. Мұндағы *салауат* діни мағынадағы пайғамбарға (с.а.у.) салауат айту, дұға оқу мәніндегі сөз. Сол себепті *салауат* емес, *саламат* сөзі қалыптануы қажет. Дұрысы: «Саламатты өмір салты». 1980 ж. Р.Сыздықтың еңбегінде *салауатты өмір салты* (трезвый образ жизни) «алкоголь ішімдіктерін әдет, дәстүрден аластаушылық», *кінаратсыз өмір салты* (здоровый образ жизни) тіркесімен беріліп, «қоғамның адамгершілік, моральдық нормаларын берік дәстүрге айналдырушылық» мәнінде жұмсалған (Сыздықова, 1990).

Қазіргі қазақ тілінің ресми стилінің қалыптанған ескі кітаби сөздердің бірі – *zahur/zaher* сөзі. *Zahur* сөзінің араб тіліндегі мағыналары 1. Анық, ашық, айқындылық. 2. Сыртқы (Баранов, 2006).

Парсы тіліндегі мағыналары: 1. Анық, ашық. 2. Сыртқы. 3. Айқындылық (Миллер, 1960). Ескі жазба мұралар мәтіндерінде «қайырымды» мәнінде қолданылған:

Ол мақамға құрдырып қойды шатыр,
Шақырған ашыналары барып жатыр.
Патшаларға лайық зияпат қып,
Халыққа ихсан, сақилық қылды *zahur*.

Zahur сөзі қазіргі қазақ тілінде жаңа сөз жасайтын жұрнақ арқылы «Зайырлы мемлекет» тіркесі құрамында семантикалық-грамматикалық өзгеріске түскен. Тіркес құрамындағы *зайырлы* сөзінің қазіргі қазақ тілінде семантикалық ауқымы кең: «адами құндылықтар, адамның ар-ожданы»; «прогрессивті, толлерантты, ашықтық»; «діни емес, азаматтық бостандағы» мағыналарын қамтиды. Яғни, зайырлы мемлекет – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының ар-ождан бостандығы, діни сенім теңдігі мен діни бірлестіктердің қызметін құқықтық тұрғыдан реттеп, жүзеге асыратын ел.

Ескі қазақ жазба тілдегі арабтың «құзыр» сөзінің мәнмәтіндегі мағынасына назар аударайық:
Көрген соң күзетшілер ұстап алды,
Патшаның *құзырына* алып барды.
«Кешегі дәруішті алып келдік» деп,
Біреуі падишаға хабар салды.

Немесе:

Хұп латиф жеті бір дақ пайда болды,
Құзырына Сүлейменнің алып келді.
Баршасын көргеннен соң көңілі ұнатып,
Мұны істеген ұстаға инғам қылды (Бабалар сөзі, 2004).

Араб тілінде «алдына бару, алдына келтіру» мәніндегі *құзыр* (حضرة) сөзі ескі қазақ жазба мәтіндерінде «қарамағына, билігіне» деген мағынада қолданылған. Кейінірек *құзырет* сөзі заң саласында «нақты мемлекеттік органға немесе лауазымды тұлғаға заң арқылы берілетін өкілеттіктің, құқықтың және міндеттердің жиынтығы» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2010) мағынасында тұрақтады. *Құзыретті орган, құзыретті сот* т.б. тіркестердің өрісін кеңейтті.

Қазіргі таңда *құзырет* сөзі білім беру саласында негізгі ұғымдардың біріне айналды, ерекше семантикалық реңкке ие болып, қайта түрленді, қайта жаңғырды. *Құзырет* сөзі орыс тілі арқылы енген «компетенция» сөзінің аудармасы. Алайда *құзырет* сөзінің қазіргі білім беру саласындағы анықтамасы нақтыланбаған. Қазіргі педагогтарға арналған кез келген семинар тақырыптарында *құзырет*, одан туындаған *құзыреттілік* сөздері белсенді қолданылады және жиілігі жоғарлаған. Мәселен, «Қазіргі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі», «Құзыреттік түрлері және сипаттамалары», «Құзыреттілік неден көрінеді?», «Кәсіби құзыреттілік түрлері», «Құзыреттілік тәсілі – бұл тұлға бойындағы барлық қасиеттердің жинағы» және т.б.

Құзырет пен *құзыреттілік* сөздеріне қатысты интернет желісінде педагогтардың мынадай анықтамалары бар. Солардың бірнешеуін келтірейік:

1. *Құзыреттілік* ұғымы білім, білік және дағды сияқты ұғымдарды қамтиды (<https://bilimainasy.kz/>).

2. *Құзыреттілік* дегеніміз – тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы (<https://bilimainasy.kz/>).

3. *Құзырет* – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, іскерлік, дағды, әрекет тәсілі) жиынтығы болса, *құзыреттілік* – адамның сол әрекетке, оның пәніне деген жеке қатынасын қамтитын сәйкес құрауыштарды меңгеруі болып табылады (<http://www.myshared.ru/>).

Жинақтай келгенде, *құзыреттілік* – тұлғаның өмірден алған білімдер жүйесін іс-жүзінде қолдана білу әлеуеті, қабілеті. Білім алушының кез келген жаңа білімді танып-біліп қана қоймай, оны іс жүзінде қолдана білу біліктілігі мен дағдысының қатар жүруі: білім – білік – дағды. Осындай үштіктегі құзыреттілік білімнің барлық аспектілерін қамтиды. Мәселен, белгілі бір мәселелерді шешуде, қазіргі заманауи технологияны игеруде, адамдармен кәсіби қарым-қатынасқа түскенде, т.б. құзыреттіліктің осындай ерекшеліктері мен түрлеріне қарай білім беру

саласында *педагогикалық құзыреттілік, пәндік құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, ақпараттық-технологиялық құзыреттілік*, т.б. тіркестер жаңаша сипат алады.

Қазіргі қазақ тіліндегі ескі кітаби (араб, парсы) сөздердің жаңару және жаңғыру және қалыптану үдерісінің мынадай кезеңдерін атап өтуге болады:

- лексикалық бірліктің төл тілде бір немесе бірнеше мағынада қолданылуы;
- ортағасыр және ескі қазақ жазба тіліндегі төл тілдегі мағыналардан іріктелуі, яғни түркілік танымға сәйкес сұрыпталып, қолданылуы;
- жаңа құбылыстар мен заттардың белгілеріне, қызметіне қарай (салыстыру, ұқсату) екіншілік аталым үдерісіне қатысуы;
- құрылымдық (сөзжасамдық, синтаксистік) өзгерістерге түсуі;
- жаңа мағынаның немесе мағыналық өрістің пайда болуы;
- аталымның біртұтас лексикалық бірлік ретінде қолдану жиілігі артып, қалыптануы, жаңғыруы, тұрақталуы;
- тілдік қауымдастықта қолданысқа түсуі.

Сонымен, шығыс халықтарымен рухани-мәдени байланыстар нәтижесінде тілімізге ертеректе енген араб, парсы сөздерінің қазақ тілінің жаңа лексикалық, терминологиялық бірліктерін қалыптастыру, қалыптандыру, қайта жаңғыртуда әлеуеті зор.

Қорытынды

Кірме араб, парсы сөздерінің жаңғыру әлеуетін талдай келе, мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

- ескі кітаби тілдегі діни, рухани, қоғамдық-әлеуметтік мазмұнды қамтитын сөздердің жаңару, қайта жаңғыру әлеуеті жоғары. Себебі қазіргі қоғамның ұлттық, рухани, діни, тұрмыстық, экономикалық санасының жаңғыруына байланысты ертеректе түркі ғұламаларының жазба мұраларындағы рухани құндылықтарды қамтитын білімдер жүйесін қайта түрлендіріп, жаңа форматта қолдануға бейім жаңа қоғам пайда болды. Ұлттық сананың оянуы, тілді тек қатынас құралы ғана емес, ұлттың «жаны», «рухы» деп қарайтын санадағы өзгеріспен байланысты көптеген шеттілдік сөздер қолданыстан ығысып, ұлт тіліндегі баламасына орын бере бастады;

- уақыт өте семантикалық өзгерістерге түскен ескі кітаби сөздер тілдік қауымдастық арасында қолдану жиілігі жоғарылаған сайын қалың көпшілік қолданысына өтіп, қалыптану үдерісі артты;

- ескі кітаби кірме сөздер қазақ тілінің түрлі салаларында тек фонетикалық, семантикалық өзгерістермен ғана емес, *аффикстену, калька, синтаксистік* тәсілдермен жаңа семантикалық мән алған. Атап айтқанда,

- парсының *бей* сөзінің сөзалды жаңа сөз жасауға функционалдылығы жоғары екендігі анықталды;

- қоғамдық-саяси салаға қатысты *әділетті, зайырлы, руханият, рухани, саламатты, зияткер, дәреже, мансап, мәртебе, кешен, құзырет, шеру, қауымдастық, құзыреттілік* т.б. лексикалық бірліктердің өзге сөздермен тіркес құрау қабілеті артып, қолдану жиілігі жоғарылаған;

- бірқатар ескі кітаби сөздер Қазақстан Республикасының түрлі мемлекеттік бағдарламалары мен міндеттерінің атаулары (*Әділетті Қазақстан, Саламатты Қазақстан, Рухани жаңғыру, зайырлы мемлекет, зайырлы қоғам, 100 нақты қадам*) құрамындағы *әділетті, саламатты, рухани, зайырлы, қадам* сөздері жаңа семантикалық жүк алып, аталымдық мәнге ие болған.

Әдебиеттер

Айдарбек Қ. Қазақ терминологиялық аталымының ономазиологиялық аспектісі: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009. – 58 б.

Алмазова Л.И. Влияние дореволюционной исламской риторики на формирование современного татарского языка религии (кейс-стади) // Исламоведение, 2018. – №9 (3). – С. 88-101.

Андрейченко У. Возрожденная лексика русского языка в пространстве и времени культурного контекста // Болгарская русистика. 2007. – Т. 2. – №3. – С. 33.

Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 224 б.

Баранов Х.К. Большой арабско-персидский словарь. – Москва: Живой язык, 2006. – 456 с.

Герашенко М.Б., Шипицына Г.М. Лексикографическое отражение динамических процессов в лексике русского языка // Вопросы журналистики, педагогики, языкознания. – 2010. – Т. 7. – №18 (89). – С. 20-30.

- Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 168 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 10-том. / Құраст.: М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
- Миллер Б.В. Персидско-русский словарь. – Москва: Государственное издательство иностранных и национальных словарей, 1960. – 668 с.
- Пиязбаева А.Б., Дэвис Б.М. Неологизмы, появившиеся в лексиконе казахстанцев во время пандемии коронавирусной инфекции // *Tiltanyum*. – 2021. – №4. – С. 60-71.
- Рашидова Н.Б. Лексико-семантический анализ арабизмов сферы образования Узбекистана: дисс. ... докт. филос. (PhD) по филос. наукам. – Ташкент, 2021. – 184 с.
- Рүстемов Л.З. Қазақ тіліндегі араб-иран кірме сөздерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері. – Алматы, 1962. – 16 б.
- Сыздықова Р. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. Толықтырылған екінші басылымы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 136 б.
- Сыздықова Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми танымдық зерттеу. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
- Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Монография. – Алматы: Қазақ тілі, 2021. – 424 б.
- Шипицына Г. М., Геращенко М. Б. Почему в активное употребление возвращаются старые слова // *Мир русского слова*. – 2010. – №4. – С. 13-18.
- Шмелев Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. – Москва: Наука, 1973. – 120 с.

References

- Abilqasymov, B. (1982) XIX gasyrdyng ekinshi zhartysyndagy qazaq adebi tili. Almaty: Gylym. 224 b. [Abylkasymov, B. (1982) The Kazakh literary language in the second half of the 19th century. Almaty: Gylym. 224 p.] (in Kazakh)
- Aidarbek, Q. (2009) Qazaq terminologijalyq atalymynyng onomasiologijalyq aspektisi: filol. gyl. dokt. ... avtoref. Almaty. 58 b. [Aidarbek, K. (2009) Onomasiological aspect of Kazakh terminological nomenclature: abst. of the diss. ... Doct. of Philol. Sciences. Almaty. 58 p.] (in Kazakh)
- Almazova, L.I. (2018) Vliyanie dorevoljucionnoj islamskoj ritoriki na formirovanie sovremennogo tatarskogo jazyka religii (kejs-stadi). *Islamovedenie*. №9 (3), S. 88-101. [Almazova, L.I. (2018) The influence of pre-revolutionary Islamic rhetoric on the formation of the modern Tatar language of religion (case study). *Islam studies*. 9(3), P. 88-101.] (in Russian)
- Andrejchenko, U. (2007) Vozrozhdenaja leksika russkogo jazyka v prostranstve i vremeni kul'turnogo konteksta. *Bolgarskaja rusistika*. T. 2. №3. 33 s. [Andreychenko, U. (2007) Revived vocabulary of the Russian language in the space and time of the cultural context. *Bulgarian Russian Studies*. V. 2. No. 3. 33 p.] (in Russian)
- Baranov, H.K. (2006) Bol'shoj arabsko-persidskij slovar'. Moskva: Zhivoj jazyk. 456 s. [Baranov, H.K. (2006) The Great Arabic-Persian Dictionary. Moscow: Zhivoi Yazyk. 456 p.] (in Russian)
- Gerashhenko, M.B., Shipitsyna, G.M. (2010) Leksikograficheskoe otrazhenie dinamicheskikh processov v leksike russkogo jazyka. *Voprosy zhurnalistiki, pedagogiki, jazykoznanija*. T. 7. №18 (89). S. 20-30. [Gerashchenko, M.B., Shipitsyna, G.M. (2010) Lexicographic reflection of dynamic processes in the vocabulary of the Russian language. *Issues of journalism, pedagogy, linguistics*. V. 7. No.18 (89). P. 20-30.] (in Russian)
- Miller, B.V. (1960) Persidsko-russkij slovar'. Moskva: Gosudarstvennoe izdatel'stvo innostrannyh i nacional'nyh slovarej. 668 s. [Miller, B.V. (1960) Persian-Russian dictionary. Moscow: State Publishing House of Foreign and National Dictionaries. 668 p.] (in Russian)
- Pijazbaeva, A.B., Djevis, B.M. (2021) Neologizmy, pojavivshiesja v leksikone kazahstancev vo vremja pandemii koronavirusnoj infekcii. *Tiltanyum*. №4. S. 60-71. [Piyazbaeva, A.B., Davis, B.M. (2021) Neologisms that appeared in the lexicon of Kazakhstanis during the coronavirus pandemic. *Tiltanyum*. №4. P. 60-71.] (in Russian)
- Qazaq adebi tilining sozdigi. (2011) On bes tomdyq. 10-tom. Qurast.: M. Malbaqov, N. Ongarbaeva, A. Uderbaev zhane t.b. Almaty. 752 b. [Dictionary of the Kazakh literary language. (2011) Fifteen volumes. Volume 10. / Compiled by: M. Malbakov, N. Ongarbayeva, A. Uderbayev and others. Almaty. 752 p.] (in Kazakh)
- Rashidova, N.B. (2021) Leksiko-semanticheskij analiz arabizmov sfery obrazovaniya Uzbekistana: Dis. dokt. filos. (PhD) po filolog. naukam. Tashkent. 184 s. [Rashidova, N.B. (2021) Lexical and semantic analysis of Arabisms in the education sphere of Uzbekistan: Dis. Doct. Philos. (PhD) in Philol. Sciences. Tashkent. 184 p.] (in Russian)
- Rustemov, L.Z. (1962) Qazaq tilindegi arab-iran kirme sozderining leksika-semantikalq erekshelekteri. Almaty. 16 b. [Rustemov, L.Z. (1962) Lexical and semantic features of Arabic-Iranian loanwords in the Kazakh language. Almaty. 16 p.] (in Kazakh)
- Shmelev, D.N. (1973) Problemy semanticheskogo analiza leksiki. Moskva: Nauka. 120 s. [Shmelev, D.N. (1973) Problems of semantic analysis of vocabulary. Moscow: Nauka. 120 p.] (in Russian)
- Shipitsyna, G.M., Gerashhenko, M.B. (2010) Pochemu v aktivnoe upotreblenie vozvrashhajutsja starye slova. *Mir russkogo slova*. №4. S. 13-18. [Shipitsyna, G.M., Gerashchenko, M.B. (2010) Why old words are returning to active use. *The World of the Russian Word*. No.4. P. 13-18.] (in Russian)
- Syzdyqova, R. (1990) Qazaq leksikasynyndagy zhanga qoldanystar. Tolyqtyrylgan ekinshi basylymy. Almaty: Gylym. 136 b. [Syzdykova, R. (1990) New usages in the Kazakh lexicon. Second, supplemented edition. Almaty: Gylym. 136 p.] (in Kazakh)

- Syzdyqova, R. (2009) Qazaq tilindegi eskilikter men zhangalyqtar. Gylymi tanymdyq zertteu. Almaty: Arys. 272 b. [Syzdykova, R. (2009) Old and new in the Kazakh language. Scientific cognitive research. Almaty: Arys. 272 p.] (in Kazakh)
- Uali, N. (2021) Qazaq soz madenietining teorijalyq negizderi. Monografija. Almaty: Qazaq tili. 424 b. [Uali, N. (2021) Theoretical foundations of Kazakh verbal culture. Monograph. Almaty: Qazaq tili. 424 p.] (in Kazakh)
- Zhiiekbaeva, A.B. (2014) Qazaq tilindegi arab, parsy sozderining termindenui. Almaty: Qazaq universiteti. 168 b. [Zhiyekbayeva, A.B. (2014) Terminology of Arabic and Persian words in the Kazakh language. Almaty: Kazakh University. 168 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 22.01.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.03.2025.

© Сейітбекова А.А., Қайрат А.А., Назарзода С., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025